



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№11/499

17 марта 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ!

#### Құрметті қал тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Наурыз - жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке.

Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекеге айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам даласының да жан-дүниесі жаңғыра түсері сөзсіз.

#### Қымбатты жерлестер!

Ежелден жанару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Өз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін.

Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң Сіздерге шат көңіл, бақыт және береке сыйласын.

Ізгі тілекпен;

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

#### Уважаемые жители и гости города!

С чувством особой радости и пожеланиями всех благ поздравляем Вас с замечательным праздником – Наурыз мейрамы!

Вместе с теплом и надеждой, которые приносит Весна, Наурыз пробуждает в людях стремление к мирной жизни, добру и согласию.

Сегодня Наурыз стал одним из самых ярких и любимых праздников многонационального Казахстана. Праздник Наурыз олицетворяет обновление природы, дружбу, согласие и взаимопонимание людей разных национальностей.

#### Дорогие земляки!

Еще раз от души поздравляем со светлым праздником Весны!

Пусть Наурыз приносит мир и спокойствие, благополучие и процветание в каждый дом!

Желаем, чтобы он через вековые традиции, освященные мудростью наших предков, принес в Ваш дом здоровье, счастья и благополучие.

Суважением;

Аким города

Секретарь маслихата

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

### АР МЫ С Ы Н, Ө З - НА У Р Ы З Ы М !

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21-наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамы сүт, ағарғанмен қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пен-дешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алты-бақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар – көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, айтабақ, ақсүйек т.б. ойналады.

Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан танды қарсы алады. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, кейіншілік ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп

танылып тоқтатылды. Бірақ Қазақстанның көптеген аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. Атап айтар болсам, бұл ұлық мейрам біздің елде менің бала кезімнен тойланып келеді. Жоғарыда айтылған ойындардың біразына өзіміз де араластық. Наурыз көже пісіру біздің ауылда наурыздың 14-інен басталып, күніне кезекпен 2-3 үйден көже ішетінбіз және бұл наурыздың ақырына дейін жалғасатын. Мейрам басталардан бір күн бұрын үйдегі төсек-орын – көрпе, көрпеше, жастық және барлық киім-кешек шығарылып, күн көзіне кешке дейін жайылып тұратын еді. Ауыл бейнебір қызылды-жасылды, сарылық көкті түске боянып кететіні әлі есімде. Кешілік ауылдағы ата-әжелер бір үйге жиналып әңгімедүкен құрысатын. Бізге, яғни балаларға дастандар мен киссаларды жарыстырып оқытып, жақсы оқыған балаға сыйлық жасайтын. Жыр-дастандарды мақаммен оқып мен де талай жүлдеге ие болғамын. Әсілінде менің ақын, журналист болуыма сол ата-әжелерімнің ықпалы болғанын үнемі айтып жүремін.

Қазақстанда Наурыз мейрамы 1988-жылдан тойлана бастады. Әуелі Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта қолға алынды. Сол жылғы оқуымыз наурыздың басына тура келген біз де Алматыда өткен осы мерекеге куә болдық. Бұл мейрамнан ұзақ жылдар бейхабар қалған жұрттың тосырмай қарағаны әлі есімде. Тіпті наурыз көжені де дайындау әдісін білмейді екен. Жалпы, наурыз көже дайындаудың өзіндік әдіс-тәсілі барын кейбіреулер әлі күнге дейін толық білмейтіні жасырын емес. Ендеше осы мәселеге тоқталып өтуді жөн көрдім.

Наурыз мерекесі жақындаған сайын әрбір отбасы Наурыз көже жасауды міндетім деп санауы тиіс. Тіпті білмейтін жас келіндеріміз

үлкен адамдардан ақыл-кеңес сұрап, Наурыз көжеге не қосу керектігін біліп алса, нұр үстіне нұр. Біз бала кезден мейрамға араласып өскендіктен біраз жайға қанықып десек те, үлкен әжелеріміздің біразынан Наурыз көжені қалай жасау керектігін сұрап білдік. Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді, қазыңызды, атаулы жіліктерді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай жармасы, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласыз. Егер Наурыз көже қоймалжың болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып сұйылтасыз. Әжелеріміздің бала кезінде пісірген көжесінің дәмі әлі күнге таңдаймыздан кеткен емес. Осы күні де қаладағы сырттан көшіп келген тұрғындар әжелерден үйренген әдіспен көже дайын-дайтынна куәміз. Бұл дәстүрдің ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табуына үлес қосуды маңызды. Осы жерде бала кезден әжемнің айтуы бойынша есте қалған қазақша жыл қайыру жайына тоқтала кетейін. «Бойына сенген түйе және қу тышқан» ертегісін қанша айтса да жалықпайтынбыз. Қазақша жыл басы наурыз айының 21-нен (күн мен түннің теңелген кезі) басталады. Бұл күнді халқымыз ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ атап, шаттыққа толы той-думан, мерекеге айналдырған. Жыл қайыру деп уақытты «он екі жыл – мүшел» жүйесімен есептеуді айтады. Он екі жыл бір айналғанда, бір мүшелге тең болған. Мүшел есебі бойынша жылдардың қалыптасқан дәстүрлі ретін есте сақтау үшін:

«Түйе Сеніп Бойына,  
Қалған Ұмыт Жылдардан.

Қуаныштан жанардан жас тыылар.

Қыс қалады суық-ызғар кезеген,  
Ұсынылар шұбат, қымыз көзеден.  
Ақсақалға сәлем беріп, бата алып,  
Дәм татындар қазандағы көжеден.

Шенберге әкеп серке-көкпар  
тастайды,  
Алтыбақан теуіп жастар қостайды.  
Өткен жылы қимай-қимай  
қоштасқан,  
Сызылтып ән құстар қайта бастайды.

#### Ұлыстың ұлы күні



#### Жатпа Қарап, Мойыма, Тайма Именіп Ділмардан»,

- деген өлең жолдарын есте сақтасаныз болғаны. Өйткені мұндағы әрбір жекелеген сөздің алғашқы әрпі мүшелдегі жыл атауларын білдіреді. Алғашқы мүшел 13 жаста толады. Ал оған он екі жастан қосып отырсаңыз, келесі мүшел жасыңызды да айқындай аласыз.

Наурыз мейрамында қазақ халқы, Орта Азия халықтары және көне Парсы ғалымдары күн мен түннің теңелетін уақытын, күнін, сағатына, минутына дейін тура астрономиялық дәлдікпен есептеп шығарған. Күн мен түннің теңесуі тура 21-наурызға сәйкес келеді. Қандай даналық десеніңізші?! Ата-бабадан жалғасып келе жатқан жыл басы – Наурызды кең көлемде, ұлттық нақышта, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды сақтай отырып, жалпыхалықтық мереке ретінде тойлаудың маңызы зор. Ата мұрасын біздің ұрпақтарымыз сол қалпында жалғастырса игі. Оған мына біздер жауаптымыз деп санаймын. Мейрамдарыңыз мұбәрақ болсын, ардақты алаш жұрты, кадрімәнді қазақ елі!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ҚР журналистер  
одағының мүшесі.

#### Наурызды жырлаймыз!

### НАУРЫЗ

Жылы-шуақ балбыратып денені,  
Қарандаршы, наурыз кіріп келеді.  
Мешін кетіп мерекелі жыл болған,  
Тауық келіп есігіңнен енеді.

Бұр жарады бәйшешектер көгеріп,  
Күн менен түн осы күні теңеліп.

Шат-шадыман тойлайды жұрт  
мейрамды,  
Алты алашым қуанышқа кенеліп.

Тас төбеден Күннің нұры құйылар,  
Тума-туған төс қағысып жиылар.  
Ұмытылып өкпе-реніш көңілден,

Ән шырқалып, күй төгілер шанақтан,  
Жанға – дауа, сезімге – нұр таратқан.  
Қазағымның ырыс-құттың арттырып,  
Берекесін келтіре гөр, Жаратқан!..

Біріктіріп барша қазақ баласын,  
Көбейте гөр халқымыздың қарасын.  
Ұлтымызды ұлық күнде ұйытқан,  
Құтты болсын мейрамдарың,  
АЛАШЫМ!!!

Нұрғали  
ҚАРАБЕКТЕГІ





ОКҚ ХАБАРЛАЙДЫ

\*\*\*

СІЗКІ ИНФОРМИРУЕТ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

ҚР Парламент Сенаты әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы Владимир Редкокашин Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының негізгі ережелерін түсіндірді.

«Мен Конституцияның 91 бабына енгізілетін маңызды түзетулер туралы атап өткім келеді. Бұл түзетулер біздің негізгі игіліміз - Қазақстанның тәуелсіздігін айқындайды. Осы аталған бап Ұлт көш-басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың маңызды ролін көрсетеді»-деді Владимир Редкокашин.

Сонымен қатар, В.Редкокашин бүгінгі таңда әлемде өз өкілеттілігін өз еркімен тапсыратын ұлт көшбасшысы тапшы екенін де атап өтті.

Спикердің айтуынша, Президент еліміз-

дегі демократиялық бастаманы кеңейту мақсатында бұл қадамға саналы түрде барып отыр.

Владимир Редкокашин сөз соңында 2007 жылы Мәслихат өкілеттіліктерін кеңейтетін



заңның қабылданғанын және қосымша жергілікті атқарушы органдарға өкілеттікті тапсырғанын еске түсіруді ұсынды.

## О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В КОНСТИТУЦИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Секретарь Комитета по социально-культурному развитию и науке Сената Парламента РК В.Редкокашин разъяснил сегодня в Службе центральных коммуникаций основные положения Закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан».

Я хотел бы сказать о важной поправке в Конституции по 91-й статье. Которая четко и ясно определяет незыблемость главного нашего достояния - независимости нашего Казахстана. И в этой же статье подчеркивается и отведена особая роль Лидеру Наций Нурсултану Назарбаеву», - говорит Владимир Редкокашин.

Как отметил Владимир Редкокашин, сегодня, наверное, в мире найдется мало лидеров нации, которые бы с себя добровольно сложили часть своих полномочий.

По мнению спикера, Президент идет на это сознательно, для того, чтобы прежде всего и еще раз расширить демократическое начало, которое неизменно проходит в нашей стране.

Владимир Редкокашин предлагает вспомнить 2007 год, когда были приняты законы,



расширяющие полномочия Мәслихатов и были дополнительно переданы полномочия местным исполнительным органам.

По словам спикера, все это говорит о позитивности тех политических реформ, которые сегодня происходят.

### Қала тұрғындарының назарына

### К вниманию жителей города

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНДЕ «ОН СЕГІЗ ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» қаулысын орындау мақсатында Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік қызметі көрсетіледі.

**Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:**

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы - «ХҚКО» департаментінің Приозерск қаласындағы бөлімі;

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі - ауылдық округ әкімі) арқылы жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:**

1) ХҚКО-ға, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде - көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап - 7 (жеті) жұмыс күні;

ауылдық округ әкіміне құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап - 22 (жиырма екі) жұмыс күні;

ХҚКО-ға жүгінген кезде қабылдау күні

мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін кутудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут.

**Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны:** қағаз түрінде.

**Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама.**

**Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны:** қағаз түрінде.

**Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға** - тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік қызметтің қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша он сегіз жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы тағайындау үшін өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты) (жеке басын сәйкестендіру үшін

қажет), оралмандар үшін - оралман куәлігі;

2) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) не туу туралы акті жазбасынан үзінді көшірме;

3) балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгені немесе бала асырап алғанын растайтын құжат;

4) құжаттардың түпнұсқалары негізінде толтырылған осы мемлекеттік қызметтің қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес отбасы құрамы туралы мәліметтер;

5) отбасы мүшелерінің алған табыстары туралы мәліметтер, оның ішінде осы мемлекеттік қызметтің қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысанда өтініш берушінің отбасы мүшелерінің алған табыстары туралы мәліметтер және 4-қосымшаға сәйкес нысанда жеке қосалқы шаруашылығының баржоғы туралы мәліметтер;

6) отбасының тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат; көрсетілетін қызметті алушының деректері баланың туу туралы куәлігіндегі деректермен сәйкес келмеген жағдайда - неке кию (некені бұзу) туралы куәлік.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік қызметтің қызмет стандартының 14-тар-

мағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының не Астана және Алматы қалалары, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің (бұдан әрі - әкім) атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Астана және Алматы қалалары, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің (бұдан әрі - әкімдік) кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы «1414» арқылы алу мүмкіндігі бар.

Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде азаматтарды қабылдау үшін жеке қызмет бөлмелері, фойе, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттері туралы мәліметтер, құжаттардың үлгілері орна-ластырылған тактайшалар ілінген.

Біздің мекенжайымыз: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй, 1 қабат.

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»**  
ММ

### ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛІ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

«Елбасының бес институциялық реформасын іске асыру жөніндегі Ұлт жоспары - 100 нақты қадамының» 32-ші қадамы еліміздегі барлық заң бұзушылықтар тіркелетін «Қылмыстық заң бұзушылық картасы» атты интернет-портал құрастыру болып табылады.

Қазақстанда қылмыстық заң бұзушылықтың бірінғай базасы іске қосылды. Енді тұрғындар криминалдық статистиканы қадағалап, болған қылмыстық іс-әрекеттерді кез келген ауданда онлайн режимде көре алады.

Сотқа дейінгі тексерістің бірінғай реестрінде тіркелген қылмыстар туралы мәлімет маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Картада сол және басқа да үйдің, көшенің немесе ауданның қауіпсіздігіне әсер ететін қылмыстар тіркеледі. Бұл - кісі өлтіру, ауыр дене жаракаты, бұзақылық, қарақшылық шабуыл, тонау, ұрлау т.б.

Үй, көшеге дейінгі нақты ашық статистика азаматтарға мүлік сатып алу кезінде, балалардың қауіпсіз бағытын таңдауда жақсы таңдау жасауға мүмкіндік береді.

«Тіркелу» опциясы арқылы кез келген адам көрсетілген маңайдағы мысалы, өз үйінің немесе жұмыс орнының айналасындағы тіркелген қылмыстар жайлы ақпаратты өзінің электронды поштасына ала алады. Интернет-портал интернеті бар кез келген адамға қол жетімді.

Приозерск қаласының геоақпараттық электронды картасы қала әкімімен құрастырылды және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мәліметтер базасымен біріктірілген. Бұл карта азаматтарға қала аумағының қылмыстық жағдайы туралы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді.

**Сіздің ауданыңыз қауіпсіз бе?**

Servis.pravstat.kz порталына кіру;

Қылмыстық құқық бұзушылықты ашу;

Өз ауданыңызды тауып, қандай қылмыстар және қашан болғанын көріп;

Басқа аудандармен салыстырасыз;

Жасалған қылмыс туралы біліп және оның тіркелмегенін білсеңіз **Servis.pravstat.kz** порталында полицияға немесе **102 нөміріне** хабарласып айтыңыз.

32-м шагом «Плана нации - 100 конкретных шагов по реализации Пяти институциональных реформ Главы государства» является создание интернет-портала «Карта уголовных правонарушений», на которой будут отмечаться все уголовные правонарушения в стране.

Единая база уголовных правонарушений запущена в Казахстане. Жители страны теперь могут следить за криминальной статистикой, видеть все совершенные преступления в любом регионе в онлайн режиме.

Основными источникам будут сведения о преступлениях, зарегистрированных в едином реестре досудебных расследований.

На карте фиксируются преступления, влияющие на безопасность того или иного района, улицы или дома. Это убийства, нанесение человеку тяжелых телесных повреждений, хулиганства, разбойные нападения, грабежи, кражи и т.д.

Открытая статистика с детализацией до улиц, домов позволяет гражданам принимать взвешенные решения при покупке недвижимости, аренде квартир, выборе маршрута для своего ребенка и др.

Благодаря опции «подписка» любой человек сможет получить информацию на электронную почту о зарегистрированных преступлениях в заданном радиусе, например, в районе своего дома или работы. Сам интернет-портал доступен любому человеку, у кого есть интернет.

Геоинформационная электронная карта г. Приозерск акиматом города разработана, работает и интегрирована с Базой данных Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. Данная Карта позволит представить гражданам полную картину о состоянии преступности на территории города.

**Как проверить, безопасен ли твой район?**

1. Зайти на портал **Servis.pravstat.kz**

2. Открыть карту уголовных правонарушений

3. Найти свой район и узнать какие преступления и когда совершены.

4. Сравнить с другими районами

5. Если знаешь о совершенном правонарушении, но его нет карте, сообщи в полицию на портале **Servis.pravstat.kz** или по телефону **102**





## ОТЧЕТ О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ОТДЕЛА ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ ЗА 2016 ГОД

Отдел экономики и финансов в соответствии со своей компетенцией выполняет функции государственного управления в сфере экономического и бюджетного планирования, ориентированные на достижение долгосрочных целей и реализацию приоритетных задач социально-экономического развития, исполнения бюджета и управления городским коммунальным имуществом.

В рамках экономического планирования, в целях исполнения поручений Вице-Министра национальной экономики Республики Казахстан (от 17.08.16 г. №26-4/19678/449 и от 14.09.16г. №26-4/99-И) в 2016 году была проведена интеграция Комплексного плана развития малого города Приозерск в Программу развития города Приозерск на 2016-2020 годы.

По результатам исполнения программы развития города за прошлогодний отчетный период из 31-го запланированного мероприятия было достигнуто 26 или 83,9%, не достигнуто или частично выполнены 5 или 16,1% в основном в связи с отсутствием финансирования. Из 91-го запланированных целевых индикаторов достигнуто 67 или 73,6%, не достигнуто 24 целевых индикатора или 26,4% в связи с последствиями экономического кризиса. Соответственно из 22 запланированных целей достигнуто 10 на 100% или 45,5% из общего числа поставленных целей, достигнуто ниже 100% 12 целей или 54,5%.

Отделом экономики и финансов ежемесячно проводится мониторинг социально-экономического развития города и экономического роста по объему промышленности, объему строительных работ, вводу жилья, а также по

объемам розничного товарооборота и инвестиций в основной капитал.

В истекшем году организовано проведение 12 заседаний городского штаба по сдерживанию инфляционных процессов. По итогам года отмечен рост цен на 19 видов социально-значимых продуктов питания по сравнению с декабрем 2015 года в среднем от 0,9% до 66,7%. Повышение цен на продукты питания объясняется удорожанием цен у оптовых поставщиков.

При этом за тот же период отмечено снижение цен на 4 вида продуктов питания в среднем от 3,4% до 46,7%.

В статистических данных отражено повышение цен на хлеб из муки 1-го сорта от 151 тенге до 160 тенге за 1 кг. По результатам еженедельного мониторинга отдела предпринимательства и сельского хозяйства средняя цена за 1 кг хлеба составила 149 тенге (средний вес 1 бухки хлеба 535 гр.) или на уровне октября 2016 года. В среднем по городу цена составляет 72 тенге (с учетом поставки хлебозавода ТОО «Пульс» г. Балхаш).

В рамках бюджетного планирования сформирован проект бюджета города на 2016-2018 годы, который утвержден решением Приозерского городского маслхата от 22 декабря 2016 г. №47/357. В 2016 г. проведено 4 уточнения и 5 корректировок бюджета.

Проведено 13 заседаний бюджетной комиссии.

Исполнение доходной части местного бюджета на 1 января 2017 года при плане 2 541 371 тыс.тенге составило 2 557 894 тыс.тенге или 100,7%.

По местным налогам при уточненном плане 301 861 тыс. тенге поступление составило 318 384 тыс. тенге или 105,5%, из них:

- налоговые поступления – 296 437 тыс. тг. или 105,1% к годовому плану;
- неналоговые поступления- 15 103 тыс. тг. или 122,1% к годовому плану;
- поступления от продажи основного капитала – 6 844 тыс. тг. или 106,5% к годовому плану.

Организовано проведение 14 заседаний рабочей группы по расширению налогооблагаемой базы бюджета города.

Недоимка по платежам в бюджет составила 64,8 млн. тенге в связи с задолженностью закрывшихся российских филиалов, которые оказывали услуги комплексного обслуживания казарменно-жилищного фонда, коммунальных объектов и инженерных сетей МО РФ. Управлением государственных доходов проводятся процедуры, вплоть до судебных, по взысканию задолженности.

Освоение бюджетных средств по расходам на 1 января 2017 года при плане 2 552 863 тыс.тенге составило 2 537 887 тыс. тенге или 99,4% к плану.

Не освоение бюджетных средств составило 14 976 тыс. тенге, в том числе:

- из республиканского бюджета – 14 347 тыс.тенге в связи с экономией по заработной плате и государственным закупкам;
- из областного бюджета – 71 тыс.тенге за счет экономии по государственным закупкам и округлений;
- из городского бюджета - 558 тыс.тенге экономии по государственным закупкам и за

счет округлений по администраторам бюджетных программ.

В течение года проводился мониторинг деятельности администраторов бюджетных программ в части осуществления государственных закупок товаров, работ и услуг по открытым конкурсам; оценки эффективности бюджетных программ развития; подготовки консолидированного отчета по исполнению планов финансирования.

В 2016 году осуществлялись мероприятия в сфере управления коммунальной собственностью.

Заключены 16 договоров имущественного найма; переданы в аренду 528 кв.м помещений. Заключены договора на 3 объекта доверительного управления с правом последующего выкупа общей площадью 3 502,7 кв.м.

Проведена паспортизация квартир; изготовлены 5 ед. землеустроительных проектов; 4 ед. государственных актов на земельные участки; в целях приватизации осуществлена оценка 20 квартир. Проведены подготовительные процедуры по 2-м объектам недвижимости для выставления на торги.

В 2017 году работа отдела продолжается в рамках возложенных функций, задач, поручений Главы государства, Правительства РК, акимов области, города, программных документов.

**Н. М. Струментова,**  
руководитель отдела экономики и финансов города Приозерск

## «ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»

### Исполняя государственную программу

Гендерное равенство, также именуемое равенство полов, - это концепция, подразумевающая достижение цели равноправия в правах между сильным и слабым полом, это равная оценка обществом схожести и отличия между женщинами и мужчинами, разных социальных ролей, которые они играют, обладание ими равным статусом, посредством равных условий для реализации прав и потенциальности человека.

Гендерное равенство связывают с правами человека, в особенности правами представительниц слабого пола, т.е. женщин. Организация Объединенных Наций, утверждает, что эта «цель, мотив непринужденно связана с правами женщин, и что социум, где женщины не достигли обладания равными с мужчинами правами и возможностями, никогда не сумеют достичь устойчивого развития». В таком случае, продвижение гендерного равноправия должно восприниматься обществом как призыв к наибольшему процветанию страны в разных сферах.

Не существует единого для всех стран мирового сообщества, стандарта по достижению гендерного равенства. Каждая страна, ставящая перед собой такую цель, продвигает на этом сложном пути уникальную работу с учетом своего исторического, культурного и политического опыта.

В Стратегии гендерного равенства Программы развития на 2014-2017гг., основной направленностью миссии данной стратегии является внесение своего вклада в искоренение нищеты и сокращение гендерного неравенства путем расширения возможностей женщин, поощрения и защиты их прав. К продвижению гендерного равенства и расширения прав и возможностей женщин в качестве лидеров в процессах развития, определяющих их жизнь, ПРООН предусматривает мир более инклюзивным, устойчивым и упругим.

Казахстан достиг весомых результатов при преодолении гендерного дисбаланса, который исторически сложился в общественных и социальных отношениях между мужчинами и женщинами. Исторически в стране ограничение прав женщин было связано с тем, что для мужчин их сфера деятельности определялась, как

публичная, а для женщин как частная. Следовательно мир женщины это замужество, рождение детей, домашнее хозяйство (домашний труд), о роли женщины в политической, социальной жизни говорить не приходится.

За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин. За этим прогрессом стояли важные принятые документы для имиджа государства и общества. 1998 год присоединение Казахстана к Конвенции ООН «О ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин». Страной ратифицированы конвенции ООН «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины», конвенции Международной организации труда, в том числе «О равном вознаграждении мужчин и женщин за труд равной ценности». Новатором и лидером при решении проблем семьи, женщин и детей в Казахстане по праву считается Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев. В 1995 году по его инициативе создан Совет по проблемам семьи, женщин и демографической политике при Президенте Республики Казахстан. Советом была разработана и распоряжением Президента от 5.03.1997года №3395 одобрена «Концепция государственной политики улучшения положения женщин в Республике Казахстан». В 1998 году Совет был преобразован в Национальную комиссию по делам семьи и женщин при Президенте РК, данной комиссией был разработан Национальный план действий по улучшению положения женщин в Казахстане, утвержденный постановлением Правительства от 19.07.1999 года.

В 2005 году была принята Концепция гендерной политики РК, а в 2005 году Указом Президента РК утверждена национальная Стратегия гендерного равенства на 2006-2016гг. и Концепция семейной и гендерной политики до 2030 года, которые содержат крупные мероприятия по политическому и экономическому продвижению женщин, сохранению репродуктивного здоровья женщин, мужчин и подростков, борьбе с проявлениями насилия в отношении женщин и детей, достижению гендерного равенства в семейных отношениях. Вопросам гендерного равенства уделено

внимание в Концепции правовой политики РК на период 2010-2020гг. В 2009 году в Казахстане приняты законы «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин», «О профилактике бытового насилия» и т.д. Международная и отечественная правовая база содержит ряд нормативных положений, направленных на повышение информирования и обучение общества по вопросам гендерного равенства.

В настоящее время, в рамках реализации стратегии инновационного развития и модернизации общества, вопросы гендерного равенства являются неотъемлемой составной частью развития всех общественных отношений. В Послании Президента Казахстана Н.А. Назарбаева от 14.12.2012 г., «Стратегия «Казахстан -2050» подчеркнута о необходимости реализации гендерных прав и возможностей».

Вместе с тем, несмотря на международное признание заслуг Казахстана в решении гендерного вопроса, сложившаяся на сегодня ситуация свидетельствует, что женщины слабо представлены на уровне принятия решений в государственных органах и на высокооплачиваемых работах в различных областях экономики. Возникает проблема, что очевидное меньшинство женщин во власти на уровне принятия решений, снижает их возможность участвовать в создании справедливого социального общества. И это несмотря на то, что высокий уровень образования не гарантирует работающим женщинам-специалистам перспектив должностного роста. «Очень слабо выдвигаются женщины на руководящие должности в центральных органах и на местах - мужчины не пускают, потому что сразу станет ясно, что она (женщина) работает лучше, чем мужчина», - отметил Н.А. Назарбаев на первом съезде женщин страны.

Правительство Казахстана на протяжении всего переходного периода демонстрирует приверженность принципам гендерного равенства. Последовательное институциональное развитие национального механизма по улучшению положения женщин идет с 1995 года, когда был создан консультативно-совещательный орган - Совет по

проблемам семьи, женщин и демографической политике при Президенте РК. В 1998 создана Национальная комиссия по делам семьи и женщин при Президенте РК.

Следует отметить, что настойчивые усилия международных организаций ввести гендерный анализ и оценку в масштабные проекты развития страны постепенно дают свои плоды, планомерно расширяя политическое поле идеологии и политики гендерного равенства.

В последние годы в РК наблюдается зримый качественный рост гражданского общества, институционально укрепившего свои позиции в диалоге с государством. Поскольку неправительственный сектор поддерживают три крупные силы: иностранные доноры, группы финансово-промышленной элиты и государство, сектор НПО обладает определенными возможностями для системного развития.

Можно смело утверждать, что гендерное образование в Казахстане развивается на довольно благоприятном культурно-идеологическом фоне, не считая безразличия Министерства образования и науки РК и недостаточного контроля и заинтересованности Нацкомиссии по делам семьи и женщин.

Будущее социальной сферы - реализация гендерной стратегии. Ее специфика - в создании условий межгендерного согласования, удовлетворяющего потребностям и интересам женщин и мужчин; в развитии соответствующих технологических средств, процедур, связанных с нормами и правилами гендерного равенства, обеспечивающих организацию социальных ресурсов трудового, образовательного, медицинского, защитного характера; в установлении международных стандартов гендерного равенства, встраивающих региональные институты и структуры в социальные процессы. Большая гибкость жизненного курса и жизненных стратегий предполагают, что гендерные отношения будут еще более модифицироваться, будут усиливаться профессиональная мобильность и сфера занятости.

**Абжанова А.Г.,**  
ведущий специалист специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Карагандинской области

### Бала тәрбиесі – баршаға ортақ

## АРУ ҚЫЗДАР

Жылдың әр мезілінің өзіне тән ерекшелігімен әдемілігі бар, әсіресе қазіргі көктем айларының кереметілігі, көктемнің алғашқы мерекесі, 8 наурыз халықаралық әйел, қыздар мерекесі. Осыған орай «алақай» бөбекжайында 2017 жылдың 3 наурызында «Ару қыздар» сайысы өткізілді. Ертеңгілікте «Қарлығаш» тобының бүлдіршіндері өнерлерін көрсетті. «Ару қыздар» сайысына қатысқан аруларымыз мына бөлім бойынша сыналды:

- 1.«Өзін таныстыру»;
- 2.«Өз өнері»;
- 3.«Үй тапсырмасы»;
- 4.«Сән үлгісі».

Балалар көктем мерекесіне арналған ойындарды қызыға, тартыса ойнап, баршамызға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерекенің соңында ару қыздарымыз өздерінің көрсеткен өнерлері бойынша төмендегідей марапаттарға ие болды: «Көркем ару» атты номинациямен Ертай Раяна;

«Кербез ару» атты номинациямен Нұрлыбай Диана;

Өнерлі ару» атты номинациямен Сартбай Аида;

Талантты ару» атты номинациямен Сайлау Еркеназ және «Сыпайы ару» атты номинациямен Құралбай Айдана марапатталды.

Көктем мерекесіне арналған ертеңгілік-сайыстың өз мәнінде өтуіне бүлдіршіндеріміздің өздері орасан зор үлес қосты деген ойдамыз.

**Жанар Қосбармақова,**  
Назира Шантиева,  
«Қарлығаш» тобының тәрбиешілері







Жұқпалы аурудан сақтанайық!

К сведению населения

## ТУБЕРКУЛЕЗ


Туберкулез - бұл сырқат ел арасында көп таралған ауру болып табылады жер бетіндегі халықтың 1/3 бөлігі - 2млрд тан астамы туберкулезбен ауырады.

Жыл сайын дүние жүзі бойынша 4 млн га жуық жаңадан ауырғандар саны тіркеледі, 3 млн-ға жуық адам осы аурудан өледі.

Туберкулез бактериясы ауа арқылы ауру жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде тукірік, қақырық, сілекей арқылы таралады. Туберкулездың ауру қоздырғыш микробы өсіп-өнгіш, сыртқы ортаға өте төзімді, әрі жұққыш келгенімен, күн сәулесі мен ыстықта тез қырылып қалады.

Туберкулез ауруының негізгі белгілері - ұзақ, созылмалы жөтел, әлсіздік, салмақтың тез түсіп арықтауы, кешке қарай температураның аздап көтерілуі, терлетпешуі болып табылады. Адамның тамаққа зауқы соқпайды. Тәбеті шаппайды, шаршай береді, жата бергісі келеді. Кейінгі кезде дәріге төзімді туберкулез микробы кездеседі.

Сондықтан ауру адам дер мезгілінде дәрігерге қаралып, керек жағдайда арнаулы емханада жатып, толық ем алуы тиіс.



Осы ауруды дер мезгілінде анықтауда флюорографияны дер мезгілінде өтудің ерекше мәні зор.

Сондықтан қала тұрғындарына айта кететін жайт ол жыл сайынғы тексерістен шет қалмай, флюорографияны дер мезгілінде өту, денсаулығыңызға күмәнді болсаңыз, тез арада дәрігерге көрініңіз!

Г.К.Мондыбаева,  
«Приозерск қаласының ОБ» КМК  
фтизиатр дәрігері

Коррупция – нет!

## ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ - ОБЯЗАННОСТЬ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА

Коррупция, как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира независимо от политического развития, в том числе и в Казахстане, различается лишь масштабами. Коррупция тормозит процесс социально экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций. Негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена главой государства Н.А.Назарбаевым. Вот почему президент в своей Стратегии «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства», в качестве одного из приоритетов государства назвал борьбу с коррупцией.

Президент Казахстана, говоря о борьбе с коррупцией, неоднократно подчеркивал, что без участия общества нельзя победить коррупцию.

В большинстве случаев в коррупцию в обществе вовлечены два главных действующих лица - правительство и частный сектор. Как правило, граждане оказываются главной



жертвой коррупции. Способность общественности в том числе и контролировать нашу молодежь, выявлять и пресекать коррупционную деятельность государственных чиновников повышается благодаря изучению местных проблем. Для борьбы с коррупцией необходимы системные усилия всех слоев общества.

Искоренение коррупции – ключевое условие для укрепления фундаментальной ценности нашего народа и государства – независимости. Только в сотрудничестве со всеми государственными органами, представителями бизнеса и науки мы сможем решить эту труднейшую задачу и обеспечить создание процветающего Казахстана.

Е.Н.БЕКМУРЗИН,  
руководитель Приозерской  
ГТИ КГИ в АПК МСХ РК

## О ПРАВИЛАХ КАРАНТИНИРОВАНИЯ ЖИВОТНЫХ

В соответствии с подпунктом 46-17 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О ветеринарии», Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 7-1/700, утверждены Правила карантинирования животных, которые определяют порядок карантинирования животных.

Карантинирование животных – обособленное содержание вновь прибывших, ввезенных, приобретенных, вывозимых, перемещаемых животных с целью проведения диагностических исследований и ветеринарных обработок.

Физические и юридические лица проводят карантинирование животных вновь прибывших, ввезенных, приобретенных, вывозимых, перемещаемых с целью проведения диагностических исследований и ветеринарных обработок.

Физические и юридические лица в письменной форме перед планируемым прибытием, ввозом, приобретением, вывозом, перемещением животных извещают об этом подразделения местных исполнительных органов, осуществляющих деятельность в области ветеринарии, территориальное подразделение ведомства уполномоченного органа в области ветеринарии, но не позднее тридцати календарных дней до планируемого прибытия, ввоза, приобретения, вывоза, перемещения животных.

На основе полученной информации от физических и юридических лиц в течение не более семи рабочих дней ветеринарное подразделение разрабатывает план карантинирования животных, который утверждается руководителем ветеринарного подразделения по согласованию с главным государственным ветеринарно-санитарным инспектором соответствующей административно-территориальной единицы. Копия утвержденного и согласованного плана карантинирования животных ветеринарным подразделением направляется физическому и юридическому лицу, от которого получена соответствующая информация, в течение трех рабочих дней с момента утверждения.

Ветеринарные мероприятия, проводимые в период карантинирования животных проводятся в соответствии с планом карантинирования животных.

В период карантинирования животных проводится:

1) ветеринарный осмотр животных, термометрия животных;

2) ветеринарные обработки и диагностические исследования против болезней животных, определенных планом карантинирования животных.

Диагностические исследования проводятся государственной ветеринарной организацией, осуществляющей функции, отнесенные к государственной монополии. Ветеринарные обработки животных проводятся государственной ветеринарной организацией, созданной местным исполнительным органом соответствующей административно-территориальной единицы.

Проведение диагностических исследований и ветеринарных обработок при карантинировании животных осуществляется за счет владельцев объектов в соответствии с подпунктом 7) пункта 2 статьи 35 Закона Республики Казахстан «О ветеринарии» от 10 июля 2002 года N 339.

Согласно п. 6 статьи 25 Закона РК «О ветеринарии», физические и юридические лица обязаны извещать подразделения местных исполнительных органов, осуществляющих деятельность в области ветеринарии, государственные ветеринарные организации, созданные местными исполнительными органами, органы государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора о вновь приобретенном (приобретенных) животном (животных), полученном приплоде, его (их) убое и реализации, а также, в соответствии с пунктом п.12-1 ст. 25 Закона «О ветеринарии», обязаны проводить карантинирование животных.

Кодексом Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 235-V «Об административных правонарушениях» предусмотрена административная ответственность за неисполнение правил карантинирования животных. Согласно п.14 ст.406 Кодекса КР «Об административных правонарушениях» нарушение правил карантинирования животных – влечет штраф на физических лиц в размере пяти, на должностных лиц, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере двадцати пяти, на субъектов среднего предпринимательства – в размере пятидесяти, на субъектов крупного предпринимательства – в размере ста месячных расчетных показателей.

Б. Калмурзина,  
руководитель ГУ «Отдел ветеринарии  
города Приозерск»

### ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

#### РАБОТА

Организации требуется продавец.

О квалификационных требованиях к соискателю и ознакомление с условиями работы - при личном собеседовании.  
**Телефон для справок: +7 777-976-4001**

#### УСЛУГИ

Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади

#### РАЗНОЕ

Блок-фара на МАЗДА-626 (переходка), левая, блу, телефон: 8707 204 02 60

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ "Приозерск қаласының Транспортная және Центральная көшелерінде жобаланатын жеке тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы» жобасы бойынша сұрау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні хабарлайды. Сұрау нысанындағы қоғамдық тыңдаулардың өтетін мерзімі - 29.03.2017 ж. сағат 15.00-де.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастырушы жергілікті мекемеден жауапты – «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ бас маманы Айтым А.К. Байланыс деректері – 8-7212-56-81-66.

Тапсырушы – «Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі 5 үй, тел.: 8(71039)52017.

Құжаттаманы әзірлеуші ҚОӘБ – ЖК «ФИЛЬЧАКОВА», Қарағанды қаласы, Совхозная көшесі 2 үй, тел.: 8(7212)37-37-58, 87012557560.

Жоба бойынша құжаттама және мүдделі жұртшылықтың сауалнама парағын есепке алу жөніндегі пікірі орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы <http://www.prrsurs.kz>.

Ескертулер мен ұсыныстар алынатын тапсырушының электрондық поштасымен интернет-ресурсының мекенжайы [prio\\_stroy@mail.ru](mailto:prio_stroy@mail.ru) Тел.:8(71039)52017.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел строительства города Приозерск» сообщает о проведении общественных слушаний в форме опроса по проекту «Строительство инженерно-коммуникационной инфра-структуры к проектируемым индивидуальным жилым домам в городе Приозерск по улицам Транспортная и Центральная». Дата проведения общественных слушаний в форме опроса – 29.03.2017г. в 15.00 часов.

Ответственное лицо за организацию общественных слушаний от местного исполнительного органа – главный специалист Айтым А.К. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

Контактные данные – 8-7212-56-81-66.  
Заказчик - ГУ «Отдел строительства города Приозерск», г. Приозерск, ул. Балхашская 5., тел.: 8(71039)52017.

Разработчик документации ОВОС – ИП «ФИЛЬЧАКОВА», г. Караганда, ул. Совхозная 2, тел.: 8(7212)37-37-58, 87012557560.

Адрес интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту и опросный лист по учету мнения заинтересованной общественности: <http://www.prrsurs.kz>.

Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения: [prio\\_stroy@mail.ru](mailto:prio_stroy@mail.ru), тел.:8(71039)52017.

#### Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Вэб-сайт: [www.prio-vestnik.kz](http://www.prio-vestnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 11/499. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.